

	УМО по направлению подготовки - Здравоохранение	
	ГУП по программам медицинского образования стоматологического профиля	Редакция: 1 Страница 1 из 2

№4 ХАТТАМА
Стоматологиялық бейіндегі медициналық білім беру бағдарламалары
бойынша ЖБТ отырысы
Денсаулық сақтау - даярлау бағыты бойынша

Онлайн

2025 жылғы 17 қазан

ЖБТ төрағасы—Деточкина В.Р.—м.ғ.к., терапиялық және хирургиялық стоматология кафедрасының доценті, «Астана медицина университеті» КЕАҚ Стоматология мектебінің деканы.
ЖБТ төрағасының орынбасары—Сулейменова Д.М., м.ғ.к., «Семей медицина университеті» КЕАҚ стоматологиялық пәндер және бет-жақ хирургиясы кафедрасының доценті.
ЖБТ хатшысы – Акжигитова Э.Н., «МУА» КЕАҚ Стоматология мектебінің бас маманы.

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Стоматология» білім беру бағдарламасының 3-курс білім алушыларына арналған базалық құзыреттер бойынша 2022 жылғы ЖББМ (Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарымен танысу және 6 құзыреттер мазмұнын талқылау: медициналық білім, коммуникациялар, клиникалық дағдылар, кәсіби шеберлік, жеке даму, нормативтік-құқықтық білім.

Бірінші сұрақ бойынша:

ЖБТ төрайымы ҮИМБ «Стоматология» білім беру бағдарламасының 3-курс білім алушыларының базалық құзыреттері туралы ақпарат ұсынды. Бұл ақпарат Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ЖББМ) сәйкес 6 құзырет бойынша қамтылды: медициналық білім, коммуникациялар, клиникалық дағдылар, кәсіби шеберлік, жеке және кәсіби даму, нормативтік-құқықтық білім. Сонымен қатар келесі пәндер бойынша оқу нәтижелеріне сәйкес дағдылар тізімі де талқыланды:

- 1) Жасушалық және молекулалық биология;
- 2) Бас пен мойын анатомиясы – 1, Бас пен мойын анатомиясы – 2;
- 3) Гистология – 1, Гистология – 2;
- 4) Биохимия – 1, Биохимия – 2;
- 5) Қалыпты физиология – 1, Қалыпты физиология – 2;
- 6) Патологиялық физиология – 1, Патологиялық физиология – 2;
- 7) Патологиялық анатомия – 1, Патологиялық анатомия – 2;
- 8) Микробиология;
- 9) Фармакология;

	УМО по направлению подготовки - Здравоохранение	
	ГУП по программам медицинского образования стоматологического профиля	Редакция: 1 Страница 2 из 2

10) Әлеуметтік ғылымдар: коммуникациялық дағдылар, медициналық этика.

Талқылау барысында пәндер тізімін өзгеріссіз қалдыру, яғни 2024–2025 оқу жылындағыдай сақтау және клиникалық дағдылар тізіміне келесі құзыреттерді қосу туралы шешім қабылданды: жалпы қан талдауын интерпретациялау, негізгі инвазивті процедураларды орындау (вена ішілік және бұлшықет ішілік инъекциялар), артериялық қысымды өлшеу, ауыз қуысына тексеру жүргізу, бет-жақ аймағын тексеру (лимфа түйіндерін пальпациялау).

Сонымен қатар ЖБТ төрайымы «Стоматология» білім беру бағдарламасының 6-курс білім алушыларының оқу нәтижелерін ЖББМ (Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына сәйкес дайындап, ұсыну қажеттігін хабарлады.

Шешім:

1. Келесі пәндер тізімі бекітілсін: «Жасушалық және молекулалық биология», «Бас пен мойын анатомиясы–1», «Бас пен мойын анатомиясы–2», «Гистология–1», «Гистология–2», «Биохимия–1», «Биохимия–2», «Қалыпты физиология–1», «Қалыпты физиология–2», «Патологиялық физиология–1», «Патологиялық физиология–2», «Патологиялық анатомия–1», «Патологиялық анатомия–2», «Микробиология», «Фармакология», «Әлеуметтік ғылымдар: коммуникациялық дағдылар, медициналық этика».

2. 3-курс бойынша енгізілген түзетулерді ескере отырып, оқу нәтижелері негізінде қалыптастырылған негізгі құзыреттер тізімін ОӘБ-не одан әрі қарастыру үшін жолдансын. (Қосымша 1).

3. 6-курс бойынша ақпаратты ұсынылсын. Дедлайн–2025 жылғы 24 қазанға дейін.

ЖБТ төрағасы

ЖБТ хатшысы



Деточкина В.Р.

Акжигитова Э.Н.